

**«Қарағайлы кенті №16 ЖББ мектебі» КММ-сінде  
2022-2023 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысы бойынша  
талдау**

Мектептің тәрбие жұмысының жоспары «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес құрылды. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру білім беру жүйесіндегі тәрбие стратегиясын нығайтатын 10 негізгі нормативтік құқықтық құжаттарға негізделген.

Тәрбие жұмысы: оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекет пен шығармашыл тұлға тәрбиелеу мақсатын көздейді. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктірілген. Осыны негізге ала отырып, 2022-2023 жылға сыныптар бойынша тәрбие жұмыстарының жоспары ҚР БҒМ Жалпы білім беру ұйымдарында оқушыларды тәрбиелеу Тұжырымдамасы негізінде 8 бағыт бойынша кіріктіріліп жасалып, бекітірілді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие. Отаншылдық және азаматтық жауапкершілік.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие. Өмір бойы білім алу.
3. Отбасы тәрбиесі. Құрмет
4. Ұлттық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Еңбек және шығармашылық тәрбие.
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Ашықтық
7. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие. Ынтымақтастық.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс жасайды. Оқу жылының басында сыныптар бойынша ата-аналар және оқушылармен төмендегідей тақырыптарды қамтитын жиналыстар өтті:

1. Жаңа оқу жылының басталуы және оның өзіндік ерекшеліктері;
2. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі;
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі;

4. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық қолсұғушылық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

**Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша** жекелеген арнайы жұмыс жоспары құрылып және Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, ережелері бекітілген. Кеңес отырыстарының жоспары құрылған. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары жасалынып, жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар, «Адал ұрпақ» клубы құрылып, жоспары бекітіліп, жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілуде. Патриотизм және азаматтық тәрбие беру бағыты бойынша жоспарға сай оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдау, насихаттау, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары жоспарға сәйкес атқарылуда. Осы орайда, ҚР Конституция күнін ескере отырып 1 қыркүйек – Білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиын және бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру; - білім алушылардың бойына оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын және отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту; - өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру болды. Сынып сағатында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылды. 2022-2023 оқу жылынан бастап «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында қайтадан мектепішілік жиында әр дүйсенбі сайын саптық жиын өтіп, ҚР мемлекеттік Гимні орындалуда. Сыныптардың тәрбие жоспарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатында сынып сағаттары жоспарланған. Оқу жылының басында сынып жиналыстары өтіп, оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылды. АӘЖТД пәнінің оқытушы ұйымдастырушысы Тусупбеков Б.О. Қазақстан Республикасында әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасы аясында іс-шаралар жоспарын жасап, бекітіріп, жұмыс жасауда. 25 қазан- Республика күнін атап өтуге арналған іс-шаралар жоспары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Мектебімізде биылғы жылдан «Жас құтқарушы», «Жас жол инспекторы» үйірмелері жұмыс жасауда.. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адалдық сағаты» өтті. «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының атқарушы хатшысы Б.Алтынбековпен түсірілген бейнероликті 1-11-сыныптың білім алушылары көріп, адалдықты ту еткен ел ағасының үлгі тұтар істерімен танысты. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп инспекторы Жұмағазы Толғанай Маратқызының қатысуымен 5-11-сынып оқушыларымен мектепішілік жалпы жиналыс өтті. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жиналыстар «Ұлдар кеңесі», «Қыздар кеңесінің» жұмыс жоспарына сәйкес өтетін болады. Қыз балалармен жиналыс жоспарға сәйкес 2 рет өткізілді. «Адал ұрпақ»клубының жұмыс жоспарына сәйкес Алтайбаева Жазира Муратовна Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

мақсатында «Жемқорлыққа қарсы күресу-менің басты ұстанымым» тақырыбында 10-11-сынып оқушыларымен дөңгелек стол өткізді. Осы мақсатта «Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен пікірталас өткізді. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» қағидасына негізделген «Адалдық дүкені» ашылды. Кент әкімінің орынбасары Абжанов Б.Т. және ЖІЖПИ Жұмағазы Т.М. кент емханасының медбикесі Айсұлу Ермаковнаның қатысуымен «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивтік және бейәлеуметтік жүріс-тұрыстардың алдын алу» тақырыптарында ата-аналармен семинар тренинг өтті. ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай 2-11-сыныптың білім алушылары «Тәуелсіздігіміз-басты құндылығымыз» тақырыбында қазақ тілі және орыс тілдерінде бірыңғай диктант жазды. «Туға қарап сап түзе» тақырыбында ту ұстаушылар байқауынан көріністер жасалды. «Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік» тақырыбында кітап көрмесі және «Тәуелсіздік-ел тірегі» тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 1-11-сыныптың оқушыларымен сынып жетекшілері «Тәуелсіздік жетістіктері», «Тәуелсіздік дәуірі» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. Мектебіміздің кіші футбол командасы 16 Мектепшілік бақылауда және Кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі инспектор есебіне оқушы тіркелген жоқ.

Жоспарға сәйкес оқу жылының 3-тоқсанында 2022-2023 оқу жылынан бастап «Мемлекеттік Рәміздер - біздің еліміз бен егемендігіміздің мызғымас негіздерінің бірі» тақырыбы аясында қайтадан мектепшілік жиында әр дүйсенбі сайын саптық жиын өтіп, ҚР мемлекеттік Гимні орындалуда. 23 қаңтар күні «Қылмыстық құқық. Қылмыс. Жауапкершілік». «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыптарында полиция инспекторы Жұмағазы Т.М. мектеп психологі Сексенова А.Т. Ұлдар кеңесінің төрағасы Қонысбай Е.Б. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кошенова Ж.К. қатысуымен үлкен жиналыс өткізілді. Психолог Сексенова А.Т. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» және «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында тренинг өткізді. Ұлдар кеңесінің төрағасы Қонысбай Ернар Болатұлы «Ұл бала тәрбиесі-бүкіл қазақ ұлтының тәрбиесі» тақырыбында баяндама оқыды. Ақпан айында Қарқаралы ауданы ББ. 2023ж.02.02. келген №01.1-03/116 хатына сәйкес 1-11-сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен әлеуметтік желелерде мектептердегі балалар арасында жаңа тренд туралы бейне таратылғандығын және соның салдарынан жарақат алудан балалардың қаза болу жағдайлары болып жатқандығы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» айдарына сәйкес Ауған жерінен кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ауғанның отты жылдары» атты ерлік сағаты өтті. Салауатты салттық өмір мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 22 ақпан күні «Нашақорлық-адам өмірінің қас жауы» тақырыбында аудандық аурухананың нарколог дәрігері Майра Мейірхановнамен кездесу өткізілді. Наркологиялық диспансер маманның қатысуымен өткен

жиналысқа 5-11-сыныптың ата-аналар және оқушылары қатысты. Ақпан айында 5-11-сыныптарда нашақорлықтың алдын алу және қоғамда белең алып бара жатқан нашақорлық заттардың зиянын түсіндіру, жол бермеу мақсатында «Нашақорлыққа жол жоқ!», «Біз нашақорлыққа қарсымыз», «Нашақорлықтың зардаптары» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Ақпан айының 23 күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымын», «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында 8-11-сыныптарда эссе байқауы өтті. Осы айда «Жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында суреттер және қабырға газеттерінің байқауы өтті. 5-11-сыныптарда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, жол бермейміз!» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспарына сәйкес Алтайбаева Жазира Муратовна «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» мақсатында наурыз айында жоспарға сәйкес 7-сыныптың оқушылары мен ата-аналарына «Бала бойына заңды сыйлау, тәртіпті бұзбау сияқты жақсы қасиеттерді сіңіру жолдары» тақырыбында баяндама оқылып, кеңестер берілді. Сонымен қатар, «Мен жемқорлыққа қарсымын!» тақырыбында 5-7-сынып оқушылары арасында суреттер байқауы ұйымдастырылды. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» қағидасына негізделген «Адалдық дүкені» жұмыс жасауда.

2 наурыз күні «Өрт қауіпсіздігінің алдын алу» мақсатында іс-шаралар өткізілді. Шараға Қазмыс корпорациясының өрт сөндіру командасы, кент ауруханасының ЖЖ бригадасы және кент полиция бөлімінің қызметкерлері қатысты. Бүгінгі таңда 03.01.2008 жылы туылған 9-сынып оқушысы Бесбай Азат Қуанышұлы қылмыстық топқа қатысуы, ұрлық үстінде ұсталуы себепті «Мектепішілік» бақылауға және «Ішкі істер бөлімінде» есепте тұр. Бесбай Азат Қуанышұлы қосымша білім беру ұйымдары бойынша БЖСМ-де «Балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне» қарасты кентіміздегі «қазақ күресі» үйірмесіне қатысады. Қазақ күресінен аудан, облыс чемпионы. Сонымен қатар, мектебімізде өтіп отырған «Футбол», «Шахмат» үйірмелеріне қатысады. Осы футбол мен шахматтан аудандық жарыстардың жеңімпазы. Бұл оқушымен сынып жетекшісі және мектеп психологыері тікелей жұмыс жасап отыр. Мамыр айында Ұлы Жеңіс мерекесіне, Ұландар күніне арналған «Патриот» айлығының жұмыс жоспары құрылып, АӘ және ТД педагог-ұйымдастырушы Карнаухов А.В. жоспарға сәйкес іс-шараларды ұйымдастырып өткізді. Оқу жылы бойы оқушылардың сабаққа қатысуы мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілері тарапынан үнемі қадағаланып, бақылауда ұсталынды. Әр әр сайын оқушылардың сабаққа қатысын тіркеп, түгендеп отыратын журнал басталып, белгіленіп отырылды. Себепсіз 10 күннен астам сабақ босатқан оқушылар болған жоқ. Аудандық білім бөлімінен келетін жоспарға сәйкес «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» жедел алдын алу іс-шаралары кентполиция бөлімімен және мектеп инспекторы Жұмағазы Толғанай Маратқызының қатысуымен өтіп отырды. Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. «Бала еңбегін қанауға 12 күн» акциясына сәйкес барлық оқушылар және ата-аналармен жиналыстар өткізіліп, түсіндіру

жұмыстары жүргізілді. Бейнероликтер көрсетілді, жадынамалар таратылды. Жыл бойы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты ай сайын жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіліп, есебі АББ тапсырылып отырылды. Терроризм актісінің қауіп туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайлардағы әрекеттерге байланысты ақпараттар беру үшін барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. ҚР Білім және ғылым 2022 жылғы 30 наурыз №117 бұйрығына сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру бойынша 2023 жылдың 17 мамыр күні мектебімізде алгоритм бойынша оқу-ағарту шаралары ұйымдастырылып өтті.

**Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің** негізгі міндеті-адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Мектепте 1-қазан қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам» айдарымен сынып сағаттары өтті. 30 қыркүйек күні «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» атты «Өзін-өзі басқару» ұйымы парламенттік фракциясының ұйымдастыруымен мерекелік шағын әдеби музыкалық құттықтау кеші өткізілді. Қыздар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес 5-11-сыныптың қыз балаларымен конференция өтті. «Оқудағы ең тиімді әдістер», «Бос уақытты тиімді пайдалану және оның пайдасы», «Қыз сұлулығына кеңес» тақырыптарында ой қозғалып, тәрбиелік, тәлімді ойлар ортада талқыланды. Қаңтар айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында мектеп тәлімгерлері Канафина Б.Т. мен Алтайбаева Ж.М. дөңгелек үстел ұйымдастырса, 1-11-сыныптарда «Туған жеріме деген махаббат» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 7 наурыз күні «8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай 1-11-сыныптарда «Ана-өмірдің гүлі», «Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған» тақырыптарында сынып сағаттары өтті. Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен көктемнің шуақты мерекесіне орай «Аналар-асыл жандар» тақырыбында мерекелік концерт өтті. Мамыр айында 4-сыныптардың ұстаздары Саметова Г.Ә. мен Рашикулова Ж.Ж «Бастауышым-балбұлағым» атты бастауышпен қоштасу кештерін жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді. Сонымен қатар 1-11-сыныптың оқушылары және ата-аналарымен офлайн/онлайн түрде «Қауіпсіз жаз» айдарымен жиналыстар өтіп, жаз мезгіліндегі балалардың қауіпсіздігіне байланысты көптеген ақпараттар беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қажетті бейнероликтер мен жандынамалар таратылып берілді. 31 мамыр күні мектепте 1-11-сыныптар бойынша бітіру, қорытынды сынып сағаттары өтіп, онда да оқушылардың жаз мезгіліндегі өмір қауіпсіздігіне байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Барлық жиналыстырдың хаттамалы жазылды. 1 маусым күні 9,11-сыныптар үшін «Түлек 2023-Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты соңғы қоңырау салтанатты мерекелік жиыны өткізілді. Оқу жылы барысында жұмыс жоспарларына сәйкес Ұлдар, Қыздар ұйымының жұмыстары жүргізіліп, жиналыстар өтіп отырылды. Жыл ішінде АӘЖТД педагог-ұйымдастырушы Карнаухов А.В. ұйымдастыруымен Терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету бойынша нұсқамалар мен сабақтар өткізілді.

**Отбасы тәрбиесінің** 2022-2023 оқу жылында жоспарға сәйкес ата-анасының қамқорлығынсыз, көп балалы отбасылардан шыққан, аз қамтылған отбасылар, мүгедек балаларды, үйде оқытылатын балаларды анықтау және оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Қамқоршылар және қорғаншылармен жеке жұмыс жүргізіліп, тұрғын үй жағдайын зерттеу парақтары толтырылды. Бүгінгі күні ыстық тамақпен қамқоршылық-қорғаншылықтағы және аз қамтылған отбасының 6 баласы қамтылып отыр. Мектептің ата-аналармен бірлескен қызметіне сәйкес сыныптарда «Баланың басты ұстазы-ата-анасы», «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі», «Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналар жиналысының рөлі», «Бала тәрбиесі – ата-ана үшін жауапты іс» тақырыптарында ата-аналар жиналыстары өтіп, мектеп психологы Сексенова Ә.Т түрлі мазмұндағы психологиялық тренингтер өткізіп, ата-аналармен жұмыстар жүргізді. Қазақстанда отбасы институтын нығайту, отбасының беделін көтеру, неке және отбасының ұлттық құндылықтарын насихаттау, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ету, қалыптасқан ұлттық дәстүрдегі қазақстандық отбасының үлгісін насихаттау мақсатында 12-15 қыркүйек күндері «Отбасы күніне» орай іс-шаралар жоспары жасалынып, жұмыстар жүргізілді.

1-11-сыныптарда «Отбасы-тәрбие бастауы, мектеп тәрбие жаршысы» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» тақырыбында ата-аналармен психологиялық тренингтер жүргізілді. Биылғы оқу жылында «Ұлағатты отбасы-ұлт құндылығы» тақырыбында мектепшілік ата-аналар конференциясы жоспарланған болатын, бірақ ата-аналардың толық жиналмау себебінен өтпей қалды. Бұл конференция 2-тоқсанның басына жоспарлануда. Жылдық жоспарға сәйкес тоқсан сайын сыныптарда ата-аналар жиналыстары өтіп отырды. Екі рет жалпымектепшілік ата-аналар жиналыстары өткізілді. 15 мамыр күні Отбасы мерекесіне орай мектебімізде «Менің отбасым» және «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыптарында «Жас суретшілер» үйірмесінің ұйымдастыруымен суреттер көрмесі өтті. Жетекшісі Аубакиров Б.К. Отбасы күні мерекесіне орай мектебімізде іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар атқарылды. Түрлі тақырыптар мен мазмұнда 1-11-сыныптарда сынып сағаттары өтті. 17 мамыр күні мектебімізде жалпыадамзаттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін ата-ана тәрбиесі, оны дамытуға ықпал ететін мектеп екенін түсіндіру мақсатында, мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Мектеп пен отбасы бірлігі-болашақ ұрпақ тірлігі» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. 16 мамыр күні мектеп парламенті фракциясының мүшелері және жетекшілері Канафина Б.Т. мен Алтайбаева Ж.М. «Отбасында балаға патриоттық тәрбие берудің маңызы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Отбасы күні мерекесіне орай мектебімізде 15 мамыр күні «Менің отбасым» және «Әрқашан күн сөнбесін» тақырыптарында суреттер көрмесі ұйымдастырылып өтті. Сонымен қатар, 1-11-сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Мектеп кітапханашысы Канафина Б.Т. отбасы күніне орай «Отбасым-тірегім,соғып тұрған жүрегім» тақырыбындағы кітап көрмесіне шолу жасады.

**Ұлттық тәрбие.** 5-16 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының «Тілдер күні» мерекесіне арналған «Тіл-халық мұрасы»

атты тілдер онкүндігі өтті. Бұл апталықта іс-шаралар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өткізілді. Апталық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене атсалысты. Қазақ әдебиетін насихаттау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, жастарды отаншылдыққа, өнегелілікке тәрбиелеу, сондай-ақ, оқырмандарды әдеби-көркем кітаптарды оқуға, кітапханаға тартуға бағытталған «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында және «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасына орай мектепішілік іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар атқарылуда.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша қазақ әдебиетін насихаттау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, жастарды отаншылдыққа, өнегелілікке тәрбиелеу, сондай-ақ, оқырмандарды әдеби-көркем кітаптарды оқуға, кітапханаға тартуға бағытталған «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында және «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасына орай мектепішілік іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар атқарылуда. Балалар әдебиетінің атасы Ермек Өтетілеуовтің 85 жылдығына орай Канафина Б.Т. мектеп кітапханасында жыр кешін өткізді. 14 ақпан күні «Халықаралық кітап сыйлау» күніне орай халықтың рухани байлығын дамыту мақсатында «Кітап-ең жақсы сыйлық» тақырыбында акция өткізді. «1 наурыз - Алғыс айту» күніне орай іс-шаралар жоспарына сәйкес сыныптар бойынша түрлі сала қызметкерлеріне алғыс айтудың мектепішілік челленджі өтті. «Алғыс айту» мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Алғысым шексіз» атты мерекелік жиын өткізілді. Осы мерекеге орай мектеп парламенті мүшелері Республикалық «Алғысымыз шексіз» челленджіне қатысты.

1 наурыз – «Алғыс айту» күніне орай 1-4-сыныптарда сынып сағаттары өтті. 28 ақпан күні алғыс айту мерекесінің жоспарына сәйкес мектеп парламентінің оқушылары, 11-сыныптың ұлдар ұжымы «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясын жүзеге асыру мақсатындағы шарада жалғызбасты Кәкен әженің үйіне көмекке барды. 9 наурыз күні «Наурыз шуағы» мейрамын тойлауға арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітіліп, таныстырылды. 1-11 сыныптарда «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі Канафина Б.Т. және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес 10-14 наурыз аралығында «Батаменен ел көгерер» тақырыбында наурыз мейрамына байланысты бата беру бойынша бейнероликтер байқауы өтіп, қорытындысы шығарылды. 9-11 сынып оқушылары мектебіміздің тәлімгері Алтайбаева Ж.М. 10-17 наурыз күндері «Қайырымды ұлт» акциясына сәйкес көмекке мұқтаж қарттардың, жалғызбасты аналардың үйлеріне барып, көмек көрсетіп қайтты. 1-11-сыныптар арасында 10-17 наурыз күндері жоспарға сәйкес «Наурыз-ұлыстың ұлы күні» тақырыбында суреттер, қабырға газеттерінің байқауын «Жас суретші» үйірмесінің жетекшісі Аубакиров Б.К. өткізді. 5-11 сыныптарда 16-17 наурыз күндері «Қолөнер» үйірмесінің жетекшісі Құсайын Т.М.

ұйымдастыруымен «Ұлттық тағамдар, ұлттық қолөнер» фестивалі өткізілді. Оқушылар өздерінің қолдарынан шыққан тағам түрлерін сатылымға шығарып, заттарын көрмеге ұсынды. 1-11-сыныптарда жоспарға сәйкес 13-17 наурыз күндері Жаксылыкова С.А. Қусайынов А.С. Зарубаев С.Б. ұйымдастыруымен «Ұлттық ойындар» мерекесі: Арқан тарту, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ және т.б. ұлттық ойындар апта ішіндегі үлкен қоңырауларда және мереке күндері ойнатылды. 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері 17 наурыз күні жоспарға сай Наурыздың балалар үшін ерекше мереке екендігін көрсету мақсатында «Наурыз-думан» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Барлық сыныптар қазақтың салт-дәстүрлерінен қойылымдар көрсетіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жөнінде түсініктер берді. Оқушылар мерекеге арналған ән менен билерін орындап, мерекенің көркін қыздырды. 17 наурыз күні музыка пәнінің мұғалімі Рақымжан Сара Саматқызы «Домбыра» үйірмесіне қатысатын оқушылармен сағат 12.00-де «Балбырауын», «Сарыарқа», «Ерке сылқым» күйлерін орындауды ұйымдастырып өткізді. Наурыз мерекесіне байланысты өткен іс-шаралар әлеуметтік желілерде насихатталды. 22 наурыз-«Бұқара күні», ел болып тойлайтын мерекелік күн болғандықтан, ұстаздар, кіші қамту қызметкерлері шеруге шығып, мәдениет үйінде кәсіподақ ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен мерекелік дастархан жайылып, түрлі спорт түрлерінен болған жарыстарға оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Алдағы уақыттарда да жоспарға сәйкес іс-шаралардың өтуі жалғасын табады. Жыл соңында мектеп жанынан «Жұлдыз» сауықтыру алаңы мен «Бал-шуақ» үйірмелік алаңдары өте жоғары деңгейде жұмыс жасады. жұмыс жасады.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты** әлеуметтік және жеке қасиеттерді қалыптастыру бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру. Осы бағытта іс-шаралар жоспары жасалып, мерзіміне сәйкес жұмыстар атқарылуда. Қазан айында оқушыларымыз «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» мақсатында өткен аудандық КВН-ға қатысып, жүлделі II орынды иеленді. Қазан айының 22 және 26 күндері жас ұстаздардың ұйымдастыруымен 5-11-сынып оқушыларымен «Алтын күз» танымдық және мерекелік кештері өтті. 8-11-сынып оқушылары арасында «Күз Ханшайымы мен Ханзадасы» байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Мектебімізде биылғы жылы «Вокал», «Биі», «Дебат», үйірмелері жұмыс жасауда. Оқушыларымыз қосымша білім беру ұйымдарындағы түрлі үйірмелерге қатысып отыр. Қазақтың поэзия әлеміне шексіз кеңістік пен өлшеусіз биіктік әкелген ақын Мұқағали Мақатаевтің туған күніне арналып «Әлі талай жыр болып жазыларсың» тақырыбында саптық жиын өткізіліп, ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, ақын өлеңдерін насихаттау мақсатында поэзия минуты өтті. 1 мамыр – Халықтар достығы күні «Ынтымақ. Бірлік. Татулық» тақырыптарында 1-11-сыныптарда сынып сағаттары өтті.



**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады. Осы оқу жылында мектебімізде «Қолөнер», «Шебер қолдар», «Сурет» үйірмелері жұмыс жасап отыр. 2022-2023 оқу жылында мектебімізде мамандық таңдауға бейімділікті анықтау және жаппай кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастырып өткізу мақсатында бұйрық шығарылып, 11 адамнан тұратын кеңес құрамы бекітілген. Бұйрыққа сәйкес кәсіптік бағдар беру жұмысы кеңесінің жылдық жұмыс жоспары құрылды. Барлық сыныптардың тәрбие жоспарына кәсіптік бағдарға байланысты сынып сағаттары және тәрбиелік іс-шаралар жоспарланған. Кәсіпкерлік іс және бизнес негіздері бойынша жұмысты сынып жетекшілермен бірлесе отырып, жүргізсе деген ұсыныс бар. Балаға кәсіптік бағыт-бағдар беру мақсатында «Менің таңдаған мамандығым», «Мамандық еліне саяхат», «Мамандық таңдау-басты бағдарымыз», «Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Қамқорлық» акциясы аясында мектеп парламентінің мүшелері ардагер ұстаз Майра Абдрахмановнаның үйіне барып, ішкі және сыртқы шаруашылығына көмек қолдарын созып, жәрдемдесіп қайтты. 28 сәуір - Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай мектебіміздің 5-11-сынып оқушыларына «Ересек адамның еңбегіне қамқорлық жаса!» және «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыптарында еңбекті қорғау сағаттары өткізілді.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында қазан айында «Дублер» күнін өткізіп, оқушылар бір күндік жауапкершілікті ала отырып, оның ауырлығы мен маңызын түсіне білді. Оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтарының жұмыс жоспары құрылған.

Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған. Республика күніне орай тарих пәнінің мұғалімі Нұржанова А.Г.-К. «Тарих беттерінен» тақырыбында және бастауыш сынып мұғалімі Косманова Ж.Б. «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сыныптан тыс зияткерлік ойын өткізді. 23 сәуір күні Дүниежүзілік кітап күніне орай мектебімізде ұстаздар арасында жас оқырманға үлгі болып, кітап оқуды насихаттау мақсатында «Оқуға құштар мұғалім» акциясы өтті. Осы мерекеге орай бастауыш сыныптарда викториналық сайыс ойындары өтті.

**Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде** алға қойылған міндеті - оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани құндылық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы

мақсатта мектебіміздің оқушылары I тоқсанда әр түрлі спорт түрлерінен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Қарағанды облысының әкімдігі және Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт федерациясының ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында өткен «Жас барыс» қазақ күресінен 9-сынып оқушысы Бесбай Азат , 10-сынып оқушысы Қайдар Адай, 11-сынып оқушысы Жүнісов Еренғайып, 11-сынып оқушысы Қамза Аружан, 10-сынып оқушысы Қайырбек Ақниет I. II жүлделі орындарды иеленіп қайтты. Биылғы жылы мектебімізде «Волейбол», «Футбол», «Тоғызқұмалақ» үйірмесі жұмыс жасайды. Оған барлық сыныптардан оқушылар тартылған. Мектеп оқушылары қосымша білім беру ұйымдарындағы спорттық секцияларға қатысады. Оқушыларымыз жыл бойы аудандық, облыстық, Республикалық жарыстарға қатысып тұрады. Мектебіміздің «Футбол» үйірмесінің қатысушылары 29 сәуір және 1 мамыр күндері Отан қорғаушылар және Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай футболдан оқушылар арасында өткен аудандық жарыстан жүлделі 2-3- орындарды иеленді. 13 мамыр күні 7 мамыр Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күніне орай футзалдан мектеп оқушылары, 9-11-сынып ұлдар командалары арасында өткен аудандық жарысқа мектебіміздің «Футбол» үйірмесінің қатысушылары жүлделі 2-орынды иеленіп қайтты. Жетекшісі Зарубаев С.Б. Осы күні Қарқаралы қаласында аудан және ауыл жастарының қызығушылығын арттыру мақсатында «Қол күрестен 12-17 жас оқушылары , ұлдар арасында» ұйымдастырылып өткізіген аудандық жарысқа 3 оқушымыз қатысып, 9-сынып оқушысы Ғабдулнасыр Ислам жүлделі 3-орынды иеленіп қайтты. 7 мамыр күні –Қазақстан Республикасы Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр-Ұлы жеңіс күні мерекесіне орай дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері Құсайынов А.С. 5-7-сыныптар арасында шахмат , дойбы ойындарынан және Зарубай С.Б. 7-9-сынып оқушыларымен футбол ойынынан мектепшілік біріншілік өткізді. Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекесіне орай дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Құсайынов А.С. 5-7-сыныптар арасында шахмат, дойбы ойындарынан және Зарубаев С.Б. 7-9-сынып оқушыларымен футбол ойынынан мектепшілік біріншілік өткізді.

#### **Ұсыныс:**

1. Тәрбиелік іс-шаралардың сыныптар бойынша уақытылы, сапалы өтуі үнемі ұстаздары назарында болса;
2. Ата-аналармен бірлескен жұмыс жандандырылып, тұрақты бір жолға қойылса.
3. Сыныптар бойынша тәрбиелік шаралардың түрлі формада өтілуі жандандырылса;
4. Оқушылардың белсенділігі мен жауапкершілігін арттыру мақсатында тәрбиелік шараларды өткізуде оқушылармен бірлескен жұмыс түрлерін аттырса.